

сонымен қатар оларды шешу мен олармен жұмыс жасаудың әдістемесін мұғалімнің білуі туралы мәселе өте маңызды болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Хасенов М.М. Развитие способности школьников к мысленным преобразованиям предметов по изображениям: Учеб. пособие. — Алматы: Рауан, 1992. — 136 с.
2. Павлова Л.В. Нетрадиционные подходы к обучению черчению: Учеб. пособие. — Н.-Новгород: Изд-во Нижегород. гос. техн. ун-та, 2002. — 70 с.
3. Хакимов Г.Ф., Вахитов Р.Р. Эвристические графические задачи: В помощь учителю черчения. — М.: Школа-ПРЕСС, 1999. — Вып. 3. — 112 с.
4. Хасенов М.М. Преобразования изображений в графической деятельности школьников: Пособие для учителей общеобразовательных школ. — Алматы: Мектеп, 2005. — 76 с.
5. Гервер В.А. Творчество на уроках черчения // Кн. для учителя. — М.: ВЛАДОС, 1988. — 144 с.
6. Ботвинников А.Д. Об основных направлениях классификации и исследования способов решения учебных графических задач. — М.: АПН РСФСР, 1996.

ӘОЖ 371.321.4

Деңгейлік тапсырмалардың оқушы белсенділігін арттырудағы рөлі

Мырзабаев А.Б., Тоқтаубай П.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются вопросы развития познавательной активности на уроках биологии. Основное внимание уделено роли в системе уровней заданий, которая интегрирует все прогрессивное, что накоплено в педагогической теории и практике, и обеспечивает образовательные потребности каждого ученика в соответствии с его склонностями и возможностями. Авторами сделан теоретический анализ психологической, педагогической, методической литературы по вопросам развития познавательной активности на уроках биологии.

In the article the questions of develops of every student in accordance with his inclinations and possibilities. The theoretical analysis of psychological, ment of cognitive activity are examined on the lessons of biology. Basic attention is spared the authors of the article to the role in the system of level tasks, which integrates all progressive, that it is accumulated in a pedagogical theory and practice, and provides the educational necessities. pedagogical, methodical literature is done on questions of development of cognitive activity on lessons.

Белсенділік — бұл оқушының белгілі мақсатқа ұмтылған әрекеті, мазмұнды, көлемді оқу қолданылатын және қызығушылығын тудыратын, белсенділігін арттыратын, шығармашылықты арттыратын, білімді меңгерудегі оқушының өзіндік үйренуі, дағды мен шеберліктің қалыптасуы және оларды тәжірибеде қолдануға бағыттай білу. Бұл ой еңбегінің құлдырауы және тоқтап қалуынан сақтайтын, жігерлі, мақсатты бағытталған жүйелі іс-әрекет.

Оқушылардың оқу белсенділік мәселесі — педагогикалық терең зерттеулердің пәні. Бұны зерттеуге М.А.Данилов, Р.Г.Лемберг, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, М.Н.Скаткин, И.Ф.Харламов, Т.И.Шамова, Г.И.Шукина, А.Х.Аренова үлестерін қосты.

Мектептегі оқыту үдерісінің негізгі мақсаттары — баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіру. Бұл оқушының өзіндік әрекеттерін, дербес жұмыс жасау қабілеттерін дамытудың маңыздылығын айқындайды.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы білім беру жүйесінің міндеттері туралы бабында:

- жеке адамның шығармашылық, рухани және жеке мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай

жасау арқылы интеллектік байытумен қатар әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикасының басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу қажеттігі атап көрсетілген [1].

Педагогика ғылымы және мектеп практикасы баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастырып сол арқылы таным әрекетін белсендіру қажеттігін көрсетеді. Осы мәселелер оқушының белсенділігін, шығармашылық әрекеттер қырларын дамытудың өзекті екенін анықтайды. Ол үшін не істеу керек, қандай шаралар ойластырылуы қажет? Оқуға деген қызығуы, өзінің білім алуға ұмтылысы керек. Ол ұстаз тарапынан сабақ өткізудің әр түрлі жолдарын қарастырып, әдіс-тәсілдерді жетілдіріп дәстүрлі емес сабақтар түрлерін әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Осындай еңбек оқушының оқу әрекетін тиімді меңгеруіне, соның нәтижесінде оқуға деген ынта, құлшыныс, талап туып бұрынғы игерілген білім, білік, дағдыны пайдалана отырып әр түрлі оқу тапсырмаларын шешуде шығармашылықпен еңбек етіп өз әрекетін бақылауды, басқаруды және дамытуды үйренуіне себебін тигізеді.

«Адам ұрпағымен мың жасайды», — дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз — оқу. «Надан жұрттың күні — қараң, келешегі тұман», — деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі — білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек, өспейді, өнбейді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет — оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үдерісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. «Қазақстан-2030» атты еліміздің стратегиялық бағдарламасында ең негізділерінің бірі — жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың әлеуеттік деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Сондықтан ұстаз-мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі жаңа технология негіздері болып табылады [2]. Елімізде жүріп жатқан саяси-әлеуметтік реформаларға байланысты жалпы білім беру салаларына қойылатын талаптар да өзгеруде. Себебі білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады.

XX ғасырдың 70–80-жылдарында оқыту үдерісін белсендіруге бағытталған, оның балаға арналғаны, оқушының оқытудың белсенді субъектісіне айналуына бағытталған әдістемелік зерттеулердің көлемі көбейді. Ж.Пиженің айтуынша, мектептер «жаңашыл ойлайтын қабілетті адамдар дайындау керек; тек өткен ұрпақтың істегенін ғана қайталамау керек, шығармашылық және ойлап тапқыш адамды әзірлеу керек».

Жас кезден игерілген ойдың оралымдылығы, ақылдың икемділігі дүниенің қыр-сырын меңгеруге шексіз мүмкіндік береді. Аталған проблеманың психологиялық жақтарын зерттеген М.А.Блох, Н.А.Лук, Л.С.Выготский, Я.А.Пономарев, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов сияқты ғалымдардың еңбектері белгілі.

Педагогикалық және әдістемелік тұрғысынан бала әрекетін белсендіру жөніндегі мәселелерді Т.И. Шамова, М.Н.Скаткин, және басқа ғалымдар еңбектерінде қарастырған.

Соңғы жылдары республикамызда оқушылардың оқу-таным әрекеттерін белсендіру, проблемалық оқыту, оны ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерін жетілдіру жайында зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Осыған мына ғалымдар еңбектерін жатқызуға болады: И. Н. Нұғыманов, Т.С. Сабыров, Ғ.М. Құсайынов және басқалар.

Әрбір оқу пәні оқушылардың белсенділігін арттыруға әсерін тигізуі керек. Шығармашылық белсенділікті біз адамның жете түсінудегі талпынысынан туындайтын белгілі зерттеушілік және қоғамдық пайдалы маңызы бар міндеттерді шешуге жетудегі әрекетшіліктің жоғары сапалы деңгейі деп анықтай аламыз.

Өйткені осындай педагогикалық зерттеулерде жалпы оқушы белсенділігі, таным әрекетін белсендіру мәселелері тек шығармашылықтың қалыптасатынын және бала шығармашылығының дамуының маңызды екендігін атап өтумен шектеледі.

Ал оқыту мазмұнында сыныптан сыныпқа жоғарлаған сайын оқушы белсенділігінің, шығармашылығының қандай қырларының, қалай дамуының педагогикалық тұрғыда теориялық негізделуі жеткіліксіз.

Біз көтеріп отырған проблема жөнінде ғылыми материалдарға жүргізілген теориялық талдауларымыз оқушы белсенділігін дамытудың әдіс-тәсілдері жекелеген пәндер бойынша

теориялық тұрғыда толық негізделмегенін, сөйтіп, бала белсенділігін дамытудың жүйесінің анықталмағанын көрсетті.

Сондықтан педагогикалық үрдіс кезінде оқушы белсенділігін дамыту қажеттілігі мен оны дамытудың дидактикалық, әдістемелік жолдарының жасалу деңгейінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылық айқын көрінеді. Аталған қарама-қайшылықтарды шешу жолдарын іздестіру осы зерттеуіміздің проблемасын береді. Осының бәрі белсенді оқытудағы сабақтарды және тапсырмаларды ерекшеліктеріне байланысты ғылыми негіздеп, теориялық тұжырымға сүйене отырып, моделін құрып, оқушылардың белсенділігін дамытатын сабақ түрлерінің жүйелі ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін әдістемесін жасау қажеттілігін көрсетеді. Себебі оқыту үздіксіз дамып отыратын үрдіс болғандықтан, оны дамыту «көзін» табу керек [3].

Жалпы белсенділік табиғатының педагогикалық тұрғыда зерттелуінің жеткіліксіздігі, ұстаздар еңбегіндегі белсенділікті дамытудағы кездесетін қиындықтар зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болып, оның көкейкестілігіне көңіл аударды. Сондықтан да осы айтылған қарама-қайшылықты ғылыми-теориялық тұрғыдан шешу, оның педагогикалық-әдістемелік мүмкіндігін ашу қажеттілігі ғылыми зерттеуіміздің тақырыбын «Деңгейлік тапсырмалар арқылы биология сабақтарында оқушы белсенділігін арттыру» деп алуға себеп болды.

Зерттеу нысаны. Мектептегі биология сабағы.

Зерттеу пәні. Деңгейлік тапсырма арқылы баланың белсенділігін арттыру.

Зерттеу мақсаты. Биология сабағында деңгейлік тапсырмалар қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін, ой-өрісін дамытудың дидактикалық шарттарын анықтау және әдістемесін жасау.

Зерттеудің міндеттері:

- биология сабағында деңгейлік тапсырмаларды қолданудың теориялық негізін қазіргі жағдайын анықтау;
- деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылар белсенділігін арттырудың әдістемесін жасап, оны психологиялық-педагогикалық тұрғыда негіздеу;
- деңгейлік тапсырмалардың тиімділігін тәжірибелік эксперимент арқылы тексеру.

Жұмыстың ғылыми болжамы: Егер зерттеу мақсатына сай орта мектептің биология пәні бойынша белсенділікті арттыруды деңгейлік тапсырмаларды пайдалану арқылы жүргізетін болсақ, онда:

- оқушылардың биологиялық ойлау қабілеті, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен оқу кезіндегі іс-әрекетінің белсенділіктері артып, биология пәнінен сапалы біліммен, тиянақты біліктілік және дағдылары жетіліп, әлемдік білім кеңістігіне ену талабына сай құзыреттілігі жетілген, ізденімпаз жеке тұлға қалыптасар еді.

Зерттеу әдістері:

- зерттеу проблемасы бойынша психологиялық, педагогикалық әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау;
- педагогикалық бақылау;
- озық педагогикалық тәжірибелерді оқып-үйрену;
- сауалнама;
- педагогикалық тәжірибе.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні:

- деңгейлік тапсырмаларды пайдалану негізінде жүргізілген сабақтар арқылы оқушының пәнге қызығушылығын арттырудың теориялық мәні айқындалды;
- деңгейлік тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретіні дәлелденді, сол негізде қорытындылар жасалды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім берудегі мақсат — қоғам мүшелерінің жоғарғы деңгейдегі адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және тұлғалық дамуына әрі кәсіптік құзырлығына қол жеткізу болып саналады», — деп жазылған.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мағлұматтарды қарапайым беруге негізделген жеткілікті дәрежеде айқын қалыптасқан білім беру моделінің тоқырауын айқын көрсетіп береді. Жеке тұлғаға деген талаптың күшейе түсуі қазір дүние жүзінде білім беру саласында жобалы өзгерістер жасау тенденциясының үдей түсуіне себеп болып отыр:

- білім берудің статистикалық моделінен оқушылардың ақыл-ой әрекетінің көп сырлы құрылымын қалыптастыруға көшу;

- оқытуда оқушылардың танымдық іс-әрекеттер құралын белсенді меңгеруге бағыттау;
- оқыту процесін жеке тұлғаның мүдесі мен қажеттілігіне бейімдеп, болашақта өзгермелі қазіргі замандағы қоғамға толық мүмкіндігінше өзін-өзі жүзеге асыру.

Оқушының белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдік белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау — мұғалімінің басты міндеті.

Белсенділік деп адамның іс-әрекеті үстіндегі жағдайын айтады. Ф.Энгельстің айтуынша, «белсенділік — тіршілік иесінің бәріне тән өз бетімен жауап қайтару қабілеті». Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды.

Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі — қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамиды белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрде істейтін мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қатынас жасауға еліктеу рөлді ойындарды атқару барысында байқалады. Көбінесе балалардың ойындарда адамдардың іс-әрекеттері, тұрмысы, өзара қатынасы қамтылып көрсетіледі, ұжымдық өмір дағдылары қалыптаса бастайды. Ойын барысында балалардың құрдастарымен де өзара қатынасы өзгереді. Баланың даму барысында таным белсенділігі артады. Мектеп жасына дейінгі (5–6 жас) балалар заттарды түсіне, формасына қарап ажырата бастайды, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Балалардың бір нәрсені құмартып, білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, әр нәрсеге үңіле қарайды, кейде терең ойға шомады [4].

Білім сапасы маңызды мәселе болғандықтан, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыратын мұғалімнің оқыту әдістерін таңдауына, шығармашылығына, талабына және жаңашыл идеяларына байланысты. Оқыту түрлерін, оның ішінде әрбір нақты жағдайларға байланысты тиімді жолдарын жетілдіру жетекші рөл атқарады. Оқушылардың сұранысы мен бейімін, талабын дамыту бағытталған жалпысыныптық, топтық жұмыстарын тиімді ұйымдастырумен байланысты.

Жеке адамның санасының қалыптасу барысында өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі ерекше орын алады. Бала даму барысында өзін-өзі жетілдіру мақсатын көздей талаптанып әр түрлі әрекет жасайды. Кеңес педагогикасында адамның қоғамдық-саяси белсенділігі күрделі моральдық-еріктік сана ретінде қаралады. Онда қоғамдық жұмысқа деген ынтасы, тапсырманы орындаудағы жауапкершілігі, орындаушылығы мен инициативтілігі, өзіне және жолдастарына талап қойғыштығы, қоғамдық тапсырмаларды орындаған кезде басқаларға көмектесуге әзір тұруы, ұйымдастырушылық іскерлігінің болуы осылардың барлығы бірінен-бірі ажырамастай ұштасып жатады. Осылайша адам белсенді өз қажетін қанағаттандыру үрдісінде кезінде көрінеді [5].

Адамзаттың қоғамдық тәжірибесін меңгеруге баланың әрекеті мен мінез-қылығын бағыттайтын белсенді үрдіс оқыту деп аталады. Оқыту белсенділігі жағдайлары дидактиктер — В.Ф.Шмаргун, Л.П.Аристова, Н.А.Плотникова, Р.А.Низамовтың еңбектерінде түрлі-түрлі бағытта түсіндіріледі.

Таным белсенділік проблемасы — педагогиканың мәңгілік проблемасы. Бұрынғы және қазіргі педагогтар мен психологтар: баланың оқығысы келуі үшін қалай, не істеу керек? деген сұраққа үнемі жауап іздейді. Өзінің әлеуметтік, мәдени ерекшеліктеріне қарай әр кезең осы мәселенің шешу жолдарын ұсынып отырған [5].

Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі оның еңбегінің жемістілігін айқындайды және тапқырлығының мәнін құрайды. Сондықтан оқушыларда осы қасиеттің пайда болуын тудыру — әрбір ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі. Белсенділік принципі оқушылардың оқу әрекетінде жоғары деңгейдегі дербестігін талап етеді. Оқу-тәрбие үрдісіндегі мұғалім мен оқушы арақатынасы жүйесіндегі ұстаздың белсенділігі тек сонда ғана ақталады, егер ол жауап ретінде оқушылардың белсенді реакциясын, шығармашылық ізденіске деген талпынысын тудырса. Оқыту әдістемесінде және дидактикада оқушылардың таным әрекетін белсендіретін жағдайлар мен әдіс-тәсілдер жасалған. Оның көрсеткіші оқу пәніне қызығушылық, көбірек білгісі келуге ұмтылу, білімді қолдана алу біліктілігі, оқу міндетін өздігінен шеше алу қабілеті болып табылады. Оқыту тиімділігін және сапасын арттыруда маңызды болып оқушыларды белсендіретін әдістемелік тәсілдерді қолдану: берілген оқу тапсырмасын жете түсіндіру; деректерді талдау және қорытындылайтын тұжырымдардың негізделуі; шығармашылық сипаттағы дербес жұмыс; сабақтардағы жекелеген,

топтық және жаппай жұмыстардың үйлесімділігі; жеткен нәтиженің педагогикалық және өздік бағалануы жаңа білім игерудің болашағын алдан ала көру [6].

Психологияда белсенділікті іс-әрекет деп атайды. Жеке тұлғаның белсенділігі оның қажеттіліктерінен туады (материалдық және рухани, жеке немесе қоғамдық қажеттіліктер). Жануарлардан айырмашылығы адамның қажеттіліктері сәби жасынан бастап-ақ қоғамдық қажеттіліктермен реттелінеді. Адамның белсендігі (немесе оның әрекеті) оның себептеріне, мақсат пен міндеттерін дұрыс қоя алуына, оларды орындау тәсілдерін дұрыс таңдай алуына байланысты.

Белсенділіктің өзіне және жеке тұлғаның қоршаған ортамен тәрбиелік (сыртқы) әсерлерге қатысты ішкі ұстанымдарына байланысты ол әр түрлі бағыттарда қалыптасуы мүмкін. Егер оқушының осы әсерлерге деген көзқарасы теріс болса, ол тәрбиешісі қалағанынан қайшы бағытта дамиды. Мысалы, мұғалім оқушылардың білімін тексеру кезінде оқушының бағасын төмендетіп қояды да, оқушы оған ренжіп қалады. Мұндай жағдайда мұғалімнің үлгерімді жақсартуға шақырған әрбір сөзі оқушыда жасырын, кейде тіптен ашық қарсы әрекет тудырады. Тәрбиеші, оның педагогикалық әсері ішкі өрісте, яғни тәрбиеленушінің санасы мен сезіміне, оң әсерін тигізбесе, барлық жағдайларда әрдайым осылай болып отырады.

Осының нәтижесінде, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында көрініс табатын барлық әсерлер мен ықпалдар екі топқа — ішкі және сыртқы болып бөлінетін болды. Қоршаған ортаның әсері мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторларына жатады. Табиғи әсерлер — бейімділік пен әуестік, сонымен қатар адамның сезімдері мен күйзелістері, оның сыртқы әсерлердің ықпалымен пайда болатын сылтаулары мен қажеттіліктері — барлығы ішкі факторларға жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың өзара байланысының нәтижесі болып табылады.

Егер тәрбие жеке тұлғаның өз-өзімен жұмысы кезіндегі белсенділігіне деген іштей ықпалына әсер ететін болса, онда оның жеке тұлғаның дамуында шешуші рөл атқара алатыны түсінікті. Осы бейімділік пен өсіп келе жатқан адамның жеке тұлға ретінде жетілуіне деген өзіндік ынтасы ғана түбінде оның дамығанын анықтайды. Осылайша бұл процесс, шын мәнісінде, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу сипатына ие болады. Л.Н.Толстойдың адамның дамуын жеміс ағашының өсуімен салыстыруы тегін емес. Өйткені сөздің тура мағынасында оны ешкім өсірмейді, ол өздігінен өседі. Адам тек қана топырағын қопсытады, тыңайтқыштар себеді, артық бұтақтарын кеседі, яғни оның өзіндік мүмкіндік беретін қажетті сыртқы жағдайларын жасайды, оған дем береді. Ал өзіндік даму өзінің ішкі заңдары бойынша жүреді.

Баланың, оқушының белсенділігі іс-әрекеттің әр алуан түрлерінде көрінетіні психологияда дәлелденген, өмір барысында қарым-қатынас, таным белсенділіктері, өзін-өзі жетілдіру мен қоршаған өмірді түрлендіру, өзгерту белсенділіктері дамиды. Кішкентай баланың өзі де пассивті емес түрде өмірдің жадайларына бағынады. Ол өзінің талаптарын орындатқанда (үлкендерге) белсенді, ол қоршаған адамдарға қатысты өз түзетулерін енгізеді. Ол адамға деген (ұнату, ұнатпау) және заттарға деген (керек, керек емес, жақсы көретін, жақсы көрмейтін) өзіндік жеке тұлғалық қатынасын көрсетеді. Бұл қатынастар оның іс-әрекетінде жеке тұлғаның өзгешелігін жасай отырып, пайда болады [5].

Қарым-қатынас-генетикалық түрде баланың белсенділігінің ең ерте белгісі. Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері осы қарым-қатынаста көрінеді. Онда адамдарға деген қатынастың көптеген алуан түрлі реңктері бар: ата-анаға, мұғалімдерге, таныстарына, таныс емес адамдарға, құрдастарына, өзінен кішкентайларға, достарына. Бала өзіне дос таңдайды, ол адамдардың белгілі бір шеңберімен қарым-қатынас іздейді, ол басқаларға ықпал етеді. Ұжымда ол кейде ұйымдастырушы, кейде орындаушы болады. Қарым-қатынас белсенділігі жеке тұлғаның ең маңызды жақтарының дамуына жағдай жасайды, олар — адамгершілік, қайырымдылық, қамқорлық, өз өзі үшін, адамдар алдындағы өз істері үшін жауапкершілігі.

Оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастырудың бір көзі — сабақта жаңа технологиялар қолдану арқылы түрлендіріп өткізу. Көптеген инновациялар арасында оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастыруға аса қолайлы технология — сын тұрғысынан ойлау жобасы. Сын тұрғысынан ойлау — ашық қоғам негізі. Ол — өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бұл оқыту «қарапайымнан күрделіге» деп аталады [6].

Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады:

1. Қызығушылықты ояту. Оқушының тақырып туралы не білетіндігі анықталынады, белсенділігі артады.
2. Мағынаны ажырату. Оқушы жаңа ақпаратты бұрынғы білімімен ұштастыра түседі.
3. Ой толғаныс. Оқушылар өз ойлары мен байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта біліп, өзара алмасады. Өзгелердің ой кестесін үйренеді.

Осы бағдарламаның стратегияларын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолданса, оқушылардың оқу белсенділіктері, сабаққа деген қызығушылықтары артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін айтатын болады.

Ұстаз тұлғасы — баланың жаны мен ойына әсер ететін негізгі тәрбиелеуші күш, сондықтан оның кәсіби шеберлігі бірден-бір маңызды мәселе. Биология пәні мұғалімінің тұлғасы, эрудициясы, өз ісіне берілгендігі мен дарыны шәкірттеріне белгілі бір із қалдырады, өмір жолдарына әсер етеді. Ұстаздың шығармашылық даралығы, шығармашылық белсенділігі өз еңбегінің жемісінің нәтижесінің мәнділігінен туындайды. Даралық барлық адамға тән, бірақ, ол әркімде негізгі қасиет бола бермейді, кез келген адамды айқын көрінетін дара деп айта алмайсың. Даралық, біріншіден, тек жекелеген адамның өзіне ғана тән, қайталанбас бірегей қасиет, екіншіден, тұлғаның өзіндік дамуын көрсететін жинақы қасиет [7].

Қазіргі кезеңдегі түпкілікті өзгеріп отырған жағдайға байланысты, биологиялық білім берудің басты мақсатымен міндеттерінің бірі — оқушыларда биологиялық ойлауды, қарапайым болса да ғылыми болжам құру мен оны тексеруге дәлелдер іздеуді, жоспарлай білуді дамыту [8].

Биологияны оқытуда соңғы кездегі журнал беттерінде көптеп беріліп жүрген сабақ түрлері заман талабының көріністері. Толық мәнді жаңаша білім беру — бала мүмкіндіктерін барынша пайдалануға жағдай жасау. Оның басты әдіснамалық білім беру міндеті — бала қабілетін дамыту, тәрбиелеу.

Ғалымдар білім беру саласында негізді өзгеріс қажет екенін мәлімдейді. Оны әр түрлі дәлелдейді: дағдарыстан шығу жолын іздестіру деп, жаңаша білім беруге «бұзып жара өту» қажеттігі, тіпті, білім берудің классикалық негізі мен идеяларына қайта келу мүмкіндігі деп [9]. Дидактика классигі И.Г. Песталлоций шығармашылығында тәрбиелеу өзінің индивидуалдық ерекшеліктерін сезіне отырып, өзін-өзі тудырушы балаға көмек көрсету деген пікір-түсінік айқын байқалған.

Ұстаз бен оқушының субъект-субъектілік қатынасы негізіндегі оқу үрдісінде бірін-бірі толықтыру, қолдау жағдайында өтеді. Жаңашыл педагогтардың тәжірибелерінде бұл айқын көрініп тұрады. Бұл кезде ұстаз оқушылардың белсенділігі мен өз бетімен талаптануына, шығармашылық мүмкіндіктеріне сүйеніп, нәтижесін болжайды. Мысалы, Н.П.Гузиктің көзқарасында, білім шығармашылық арқылы жүзеге асырылады [10], ал В.Ф.Шаталовта әуелі білім, сонан соң шығармашылық [11], Е.Н.Ильин сыныпта барлық ұжымның шығармашылықпен жұмыс жасауына қолайлы атмосфера тудырып, әр баланың пікірін тыңдауға көңіл бөледі [12]. Оқытудың белсенді әдістері дегеніміз — оқушының таным белсенділігі дәрежесін барынша көтеретін, талпына оқуға жетелейтін әдістер. Осы әдістермен жүргізілген сабақтар кезінде сынып оқушылары түгел қарқынды, қызығушылық және ерікпен ойлана отырып тыңдайды, бақылайды, оқиды, еңбек етеді.

Оқытуға қойылатын талаптардың бірі — білім беру мен тәрбиенің біртұтас үрдіс ретінде іске асырылуы. Білім бере отырып тәрбиелеу дегенді, екінші сөзбен айтқанда, оқушының ой белсенділігін, жұмыс істеу дағдысын, шығармашылық қабілетін дамыту деген сөз.

Қазіргі кезеңдегі түпкілікті өзгеріп отырған жағдайға байланысты, биологиялық білім берудің басты мақсаты мен міндеттерінің бірі — оқушыларда биологиялық ойлауды, қарапайым болса да, ғылыми болжам құру мен оны тексеруге дәлелдер іздеуді, жоспарлай білуді дамыту.

Қабілеттің дамуы, дағдының қалыптасуы оқушының нақты іс-әрекеті арқылы орындалады.

Кейбір әдістемешілер мен мұғалімдер оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын проблемалық тапсырмалардан, шығармашылық жұмыстардан өзгеше, бөлек дүние деп қарайды. Бұл дұрыс емес, шынында, проблемалық тапсырма жұмыстар да, шығармашылық жұмыстар да — оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстары, оның түрлері, мазмұны сатылап күрделеніп отырады. Мәселе — бұл жұмыстарды мұғалімнің білім бере отырып дамыта тәрбиелеудің құралы етіп ұйымдастыра білуінде.

Әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 28 шілдедегі Заңы. — Астана, 2008.
2. Білім берудің жаңа көзқарысы // Егемен Қазақстан. — 2011. — № 52. — 19 ақп.
3. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006.
4. Выготский А.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка // Вопросы психологии. — 1966. — № 1.
5. Саданова Ж.К., Макишева Г.К., Сейтахметова Ж.М. Оқу үдерісіндегі дамыта оқытудың мәселелері // Вестник КАСУ. — 2006. — № 1.
6. Жаңабаева Р.А., Шалғынбаева Қ.Қ. Қазіргі жағдайда оқушының танымдық әрекетін белсендірудің әдіс-тәсілдері. — Алматы, 2003.
7. Гильманов С. Творческая индивидуальность педагога // Народное образование. — 1999. — № 1, 2. — С. 197.
8. Реброва Л. Время ставит проблемы. Решать их нам // Биология в школе. — 1991. — № 6.
9. Кавтарадзе Д.Н. Обучение и игра. — М.: Просвещение, 1998.
10. Гузик Н.П. Учись учиться. — М.: Просвещение, 1982.
11. Шаталов В.Ф. Куда и как исчезли тройки. — М.: Педагогика, 1979.
12. Ильин Е.Н. Герой нашего урока. — М.: Педагогика, 1991.

УДК 37(574.1)(09)

Развитие системы среднего образования в период Советской власти в Карагандинской области (1917–1991 гг.)

Турсынова Ж.Ж.

Директор Государственного архива Карагандинской области

Мақалада Қарағанды облысындағы кеңес уақытындағы жалпы орта білімнің даму тарихы берілген. Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатының құжаттары негізінде мектеп негізін қалаушылар, бірінші ұстаздар, оқулық авторлары, оқытушылар құрамы және оқушылар туралы мәліметтер берілген. Сонымен қатар Қарағанды облыстық Атқару комитетінің шешімі, Қазақстан Коммунистік партиясының облыстағы білімді жақсарту туралы Облыстық Комитет Пленумының қаулылары пайдаланған.

Article reveal history of development of secondary education during the Soviet authority in Karaganda region. On the basis of archival documents of the State archive of the Karaganda region. First given information about the founders of schools, the first teachers, textbook authors, teachers content, as well as information about students on the region. The article draws on the decision of the Karaganda department executive committee, the decision of Plenum of the Karaganda Regional Committee of the Communist Party of Kazakhstan to improve public education in the area.

В начале XX в. школы (мектебы) перестали удовлетворять возросшие запросы времени. Началось движение за реформирование профессиональной школы, организаторами которого выступили джаддисты. Они предлагали заменить буквослагательный метод обучения звуковым, доказывали необходимость преподавания в мектебах светских дисциплин — арифметики, географии, естествознание, истории и др. Тем не менее новометодные мектебы не получили широкого распространения.

В системе религиозного образования большим влиянием пользовались медресе. Они готовили мулл, преподавателей мектебов и функционировали, как правило, при мечетях. В зависимости от типа медресе определялся срок обучения — от трех до четырех лет. Наряду с изучением ислама учащиеся получали сведения по философии, астрономии, истории, лингвистике, медицине, математике.

Из этой среды вышли крупнейшие деятели казахской культуры А.Кунанбаев, С.Торайгыров, М.Жумабаев, Б.Майлин и другие.